

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Бұланды ауданының шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы

Мерзімі біткен

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 мамырдағы № 6С-23 /5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 мамырда № 6629 болып тіркелді. Шешім 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Шешімнің қолданыста болу мерзімі - 01.01.2020 дейін (шешімнің 2-т.).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы ""Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Бұланды ауданының шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

*Кезекті 23 – сессияның
төрағасы*

Б.Қажаканов

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

Ш.Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Бұланды ауданының
әкімі*

Ж.Нұркенов

14 мамыр 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Ақмола облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Бұланды ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы"
республикалық мемлекеттік мекемесінің
басшысы*

А.Есполов

14 мамыр 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК